## Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын және базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі біржолғы талон құнының мөлшері туралы

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 16/117-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 наурызда N 14-4-62 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2011 жылғы 24 маусымдағы № 46/311-IV шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2011.06.24 № 46/311-IV шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың кезектен тыс он алтыншы сессиясының төрағасы Ү. Жүсіпбаев*

*Қалалық мәслихат хатшысы Ғ. Рысбеков*

Түркістан қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 16/117–IV шешіміне 1 қосымша

## Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері

| N | Қызмет түрлерінің тізбесі | Бір жолғы талондардың құны (теңге) |
|---|---|---|
| 1 | Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда ) | |
| 1.1 | Газеттер мен журналдар | 50 |
| 1.2 | Тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшет) | 50 |
| 1.3 | Бақша дақылдары | 100 |
| 1.4 | Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер | 100 |
| 1.5 | Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері | 60 |
| 1.6 | Жануарлар мен құстардың жемдері | 50 |
| 1.7 | Сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақтар және балық | 50 |
| 2 | Жеке учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі | 300 |
| 3 | Үй жануарлары мен құстарды бағу | 75 |

Түркістан қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 16/117–IV шешіміне 2 қосымша

## Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері

| N | Тауар, жұмыс және қызмет түрлері және бір сатушыға белгіленген орын | Бір жолғы талондардың құны (теңге) |
|---|---|---|
| 1 | Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй жайлардағы ( оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарлардағы тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтер | |
| 1) | Ұн, құмшекер, күріш және басқа да асты өнімдер (қаппен сату) (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 100 |
| 2) | Нан және нан тағамдары (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 60 |
| 3) | Ет және ет тағамдары (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 150 |
| 4) | Сүт, айран, қымыз, қымыран, қаймақ және сүт өнімдері (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 40 |
| 5) | Кондитерлік тауарлары (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 100 |
| 6) | Көкөніс, жеміс-жидектер (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 60 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 7) | Құрғатылған жемістер (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 100 |
| 8) | Киімдер, мата, бас, киімдер, аяқ киімдер (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 100 |
| 9) | Аудио-видео аппаратуралар (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 80 |
| 10) | Кеңсе тауарлары, парфюмерия (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына шаршы метр) | 100 |
| 11) | Жеңіл және жүк автокөліктер, ауыл шаруашылық техникалары, автобустар (1 автокөлікке немесе техникаға) | 150 |
| 12) | Мото-вело тауарлары, олардың қосалқы бөлшектері, автобөлшектер, балалардың коляскалары, сырғанақтар (1 бас) | 100 |
| 13) | Ірі қара мал, жылқылар (1 бас) | 100 |
| 14) | Қой, ешкі (1 бас) | 60 |
| 15) | Құстар мен аңдар (1 бас) | 40 |
| 16) | Жем-шөп (1 орынға) | 100 |
| 17) | Құрылыс материалдары (12 шаршы метрге дейін) | 150 |
| 18) | Гүлдер (1 орынға) | 80 |
| 19) | Аяқ киім жөндеу және басқа да тұрмыстық қызметтер (1 орынға) | 60 |
| 20) | Ұсақ-түйек тауарлары (Сауда қатарының әр 1 метр ұзындығына пагон метр) | 60 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК